

М.Е. Адиллов\*

*Токал мемлекеттік Газиосманпаша университеті, Түркия  
(E-mail: marlen.adilov@gop.edu.tr)***Қазақ тіліндегі «тиын» сөзінің төркіні**

Мақалада қазақ және кейбір түркі тілдерінде, атап айтқанда, қырғыз, қарақалпақ, татар, башқұрт, ұйғыр және өзбекшеде «тиын» мағынасына ауысқан *тиін* сөзінің қысқаша тарихы талданған. *Тиын* сөзінің көне түркі жазба мұраларынан бастап, орта ғасыр ескерткіштеріндегі қолданысы, сонымен бірге қазіргі түркі тілдеріндегі тұлғалары мен мағынасы көрсетілген. Бұдан бөлек түркі және моңғол тілдерінде «тиін» мағынасында қолданылып жүрген өзге синонимдес атауларға тоқталған. «Тиін» мағынасындағы тұлғаның «тиын» семасына ауысуына байланысты басқа, яғни туыстас емес тілдер тобындағы мысалдар да келтірілген. Тиын сөзіне қатысты қазақ және шетел ғалымдарының ғылыми пікірлері беріліп, қысқаша тұжырымдар жасалған. Ғалымдардың пікірлерін салыстыра отырып, тілдердегі деректер негізінде объект сөздің түп-төркіні мен негізгі мағынасы анықталған.

*Кілт сөздер:* қазақ тілі, түркі ескерткіштері, қазіргі түркі тілдері, тиын, тиін.

*Kipicne*

Түркітану, алтайтану ғылымында жекелеген сөздердің негізгі мағынасы, төркіні жайлы салыстырмалы-тарихи зерттеулер жасалып келеді. Шетелде, батыс ғылымында, түркі әлемінде, Түркияда және Қазақстанда белгілі тіл мамандары, ғалымдарының «бір сөз туралы» мақалалары да шыққан. Бір сөз туралы жазғаны ол мақаланың ғылыми сипатын төмендетпейді, керісінше оның барынша түсінікті, терең, анық нәтижеге жеткізеді. Қазақ тіл білімінің бастаушыларының бірі болып саналатын профессор Құдайберген Жұбановтың «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жайлы» деген мақала-кітабындағы «Домбыра және қобыз сөздерінің этимологиясы» жайлы тұжырымы ғылыми айналымнан түскен емес. Бұдан басқа қазақ лексиколог ғалымдарының, мәселен, Ғ. Мұсабаевтың «Бір сөздің тарихы: («Ту тігу», «ту көтеру» дегендегі ту сөзінің шығу төркіні жөнінде); «Қосымша дай/дей, тай/тей туралы»; Қ. Өмірәлиевтің «Үлкен сөзінің этимологиясы»; «Жаяу, үрім» сөздерінің тегі және оның тіл тарихына қатысы»; А. Кайдардың «Шар» сөзінің сыры»; «Шүлен» сөзінің этимологиясы», «Берен. Қазақ тіліндегі байырғы сөздердің контекстегі мағынасы жайлы» атты мақалаларында бір сөз немесе бір форма туралы болса да, ғылыми тұжырымдылығы жөнінен кең екені айқын.

Қазақ тіліндегі «тиын» мен «тиін» сөзінің төркіндес екені белгілі. Екеуінің бір сөз болып, екі түрлі формада айтылып, түрлі мағыналарда жұмсалып жүргені айқын. Осы екі сөздің төркіні жайлы қазақ ғалымдары мен орыс зерттеушілері жан-жақты талдаулар жасап, қорытындылар шығарған. Қазақ зерттеушілердің ішінде ең алғаш қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде бұл сөзге қатысты деректерді табамыз. Мұнда *тиін* терісінің ақша орнына жұмсалуынан *тиын* сөзінің пайда болғаны жөнінде айтылады:

«Тиін (тиын) сөзі түркі тілдерінде «терісі бағалы орман аңы, тиін» мәнінде кең таралған болса да, кей тілдерде «ұсақ металл ақша» дегенді білдіреді. Бұл ақша орнына аң терісі жүретін экономикалық тұрмыспен байланысты деп ойлаймыз. Яғни «ақшаның тиын аталуы тиін аңының терісі бұрын ақша орнына жүргендігінен пайда болуы керек» [1: 185].

Біз де осы тұжырымның дұрыс екенін қолдап, төменде түркі ескерткіштері мен тілдері негізінде дәлелдерімізді қосып, бұл сөзге қатысты зерттеуді толықтырмақшымыз.

*Қолданылатын әдіс пен деректер*

Зерттеуімізді салыстырмалы-тарихи әдіс пен түркі тілдері деректерін қолдану негізінде жасаймыз.

\* Хат-хабарға арналған автор. E-mail: marlen.adilov@gop.edu.tr

*Нәтижелер мен олардың талқылануы*

Тиын сөзіне қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «майда металл ақша; Қазақстанның ұсақ ақша өлшемі. Ұлттық валюта — теңгенің жүзден бір бөлігіне тең; ақша, қаржы, қаражат» деген анықтама берілген.

Бірақ қазақ тілінде *тиын* «ақша, ұсақ ақша, қаражат» деген ауыспалы мағынасында да жұмсалатыны аян, оны кейбір тіркес пен туынды және күрделі сөздерден көреміз, мәселен:

*Тиынның татын жалады* «түкке тұрмас нәрсені пайда көрді, сараңдыққа салынды.

*Тиындау* «тиыннан ақша құрау, тиынға айналдыру.

*Тиынды* «тиын боларлық, тиынға тұрарлық».

*Тиынсыз* «тиыны жоқ, ақшасыз, қаражатсыз.

*Тиын-тебен* «азын-аулақ ақша, болмашы қаражат.

*Тиыншыл* «ақшақұмар, пайдақұмар.

*Тыйын-жыбыр* «ұсақ ақша, тиын-тебен» [2: 688].

*Қара тыйын* «қара бақыр, жез ақша» [2: 392].

*Көк тиын: Көк тиыным да жоқ* «бір тиыным да жоқ».

*Тиын бар ма?* «ақша бар ма?».

*Тиын табу керек* «ақша табу керек».

Соңғы мағынасы мақал-мәтелдерден де айқын көрінеді:

Теңге тиыннан өсер.

Теңге тиыннан, ынтымақ ұйымнан.

Теңге тиыннан, тұлпар құлыннан.

Дауыл құйыннан, ақша тиыннан.

Қалтасында тиын жоқ, түйенің тісін санады [3: 256].

Қайырсыз мың тиын,

Қайырлы бір тиын [4: 194].

**Тиын сөзі көне түркі жазба жәдігерлерінде:**

*Тиын* сөзі Орхон ескерткіштерінен бастап, түркі жәдігерлерінде жұмсалған. Негізінен «тиін; тиін терісі; бұлғын; бұлғын терісі» мағынасында қолданылып, ортағасыр қыпшақ жазбаларында «тері» мәніне ауысқан:

Орхон ескерткіштерінен Білге қаған жазбасында екі жерде кездеседі:

*Көк тейеңин түрүкмен бодунума қазғаны биртим ...* «Көк тиінін (қымбат тиін терісі болса керек) түрігіме, халқыма алып бердім» (Білге қаған Солтүстік беті, 12-жол)

*Бунча бодун сачиң қуулқақиң бычды едгү өзлик атиң қара кишин көк тейеним сансыз келдүрүп кооп қоотты* «Мұнша халық (жаназада жоқтап) шашын, құлағын кесті. Асыл тұқымды атын, қара бұлғынын, көк тиынын (бұлардың терісі) сансыз қылып әкеліп сыйға тартты» (Білге қаған Оңтүстік беті, 12-жол) [5: 60–78].

Ескерткіштегі *көк тейен* (салыстырыңыз *көк бөрі* дегенде де *көк* түсінің «боз» мағынасы бар) тіркесі *көк түсі* емес «сұр, боз» [6: 569a] мағынасында болса керек. Ал *тейен* сөзі аңның өзі емес оның терісі [6: 708b] деп ойлаймыз. Өйткені көне түркі руна жазбаларындағы деректермен бірге қытай және араб деректерінде тиін тоны, терісі туралы айтылады. Қытай деректерінде жазылғандай, көне түркілер сауда құралы ретінде жібек, жылқы, бұлғын және тиін терілері, ішіктерін пайдаланған. Түркілердің мекен еткен жерлерінде саяхаттаған араб географтары бұл деректерді береді. Мәселен, Худуд әл-әлем атты жазбада Ыстықкөл аймағындағы тайпаларда тиін мен бұлғын терілері бар болғаны анықталған [7: 350].

Жоғарыда көне *тейен* сөзі «суыр» мағынасындағы сөз де болуы мүмкін. Неге десек, моңғолдар «дала суырын» *тарбаған* [8: 154] дейді. Ал тарбағанның терісі осы күнге дейін ең бағалы тері ретінде пайдаланылады.

**Тиын сөзі ортағасыр түркі жазба мұраларында:**

Қарахан жазба жәдігерлерінен «Құтты білікте» бұл сөз *тийиң* тұлғасында келеді. Төмендегі жолдардан *тиін* (бұлғын ішік) тон мағынасында айтылған:

*Ажун тезгинүр илде арқыш йорып,*

*Ағы чуз тийиң киш алып сен тирип*

«Керуендер ел-жер кезіп, әлемді шарлар. Жібек мата, бұлғын, тиін тондар жинарсың» («Құтты білік», 5367-жол).

Келесі өлең жолдарында *тийиң киш* (бұлғын) қос сөз болып жазылған:

*Йашық йазды болгай өрүглүг сачы*

*Тийиң-киш өнги тутты дүния ичи*

«Өрілген шашың жайылғанда, күллі әлем тиін-бұлғын түсіне өзгерді» («Құтты білік», 5825-жол).

Қарахан дәуірінің келесі құнды жәдігері Махмұт Қашқаридың сөздігінде бұл сөз кездеседі:

«Диуани лұғатит түрkte» *тегин* тұлғасында және оның «бұлғын» мағынасында берілгені назар аудартады: *тегин* «бұлғын» [9: 370].

Қазақ тіліндегідей «тиін аңы» деген мағынасы ең алғаш қыпшақ мұраларында табылған:

Тарихи қыпшақ ескерткіші Кодекс куманикуста *тейин* сөзі «тиін аңы» мағынасында.

Мәмлүк қыпшақ мұрасы Китабу межму тержуманиде *тейин* «тиін» [10: 198].

Мәмлүк қыпшақ жәдігері Әл идрак хашиесі кітабында *тейин* «тері».

Анадолы түрік жәдігерлерінде *тейин/тейун/тийин* деген фонетикалық тұлғаларда келіп, тек «тиін» деген бастапқы мағынасында айтылған.

#### «Тиын» сөзі қазіргі түркі тілдерінде:

«Тиін» сөзінің «тиын» деген екінші мағынаға ауысуы қыпшақ пен қарлұқ тілдерінде ғана байқалады. Бұл құбылыс жайлы түркиялық этимолог ғалым Хасан Ерен өзінің сөздігінде де жазады:

«Қазіргі түркі тілдерінің кейбірінде, әсіресе қыпшақ тілдерінде «тиін, тиін терісі» мағынасынан ауысқан «тиын, ұсақ ақша» мәніне де ие болып қолданылады» [11: 107].

Тиын сөзі ақша бірлігі мағынасында төмендегі қыпшақ тілдерінде жұмсалады:

Қырғыз т. *тыйын* «тиын; ақша; жиырма тиын»: *жез тыйын* «жез ақша»; *Тыйын тыйндын иши қыйын* «Тиын тиынның ісі қиын»; *тыйынын бар бы?* «ақшаң бар ма?»; *тыйын-тенге* «ақша»; *Кокон тиын* «тарихи кезеңдегі жиырма тиын бағасындағы күміс тиын»; *тыйын* «тиін» [12: 290].

Татар т. *тиен* «тиын; ақша»: ақтық *тиен* «соңғы тиын»; *бер тиен тормаслык* «бір тиынға да тұрмайды». Татар тілінде мақал-мәтелдерде де айтылады: *Тиен булмаса сум булмый* (мақал) «Тиын болмаса, сом болмайды»; *Бер тиен житмәсә сум булмый* «Бір тиын жетпесе сом болмас»; *тиен* «тиін (белка), тиін терісі»: *Тисә тиенгә, тимәсә ботакка* «Тисе тиінге, тимесе бұтаққа» (мәтел) [13: 891].

Башқұрт т. *тин* «тиын, ақша, ұсақ ақша»: *Ике тин бер ақча* «Екі тиын бір ақша»; *тейен* «тиін» [14: 356].

Қарақалпақ т. *тыйын* «1. тиын; бақыр, мыс ақша; 2. тиін»: *Бир тыйыным жоқ* «Бір тиыным да жоқ»; *Соқыр тыйынға да кереги жоқ* «Соқыр тиынға да татымайды» [15: 667].

Қарлұқ тілдерінде де екі мағынасында жұмсалады, мәселен:

Ұйғыр т. *тийин* «тиын; тиін»; өзбек т. *тийин* «тиын; тиін» [16: 453].

Жоғарыдағы көрсетілген тілдерден бөлек өзге түркі сөздіктерінде «тиін (белка)» мағынасы ғана тіркелген, мысалы:

Қарашай-балқар т. *тыйын* «тиін; тері»; қарайым т. *диин* «тиін» [17: 177]

Көне анадолы түрік жазбаларында *тейин* сөзі кездесе де, қазіргі түрік тілінде қолданылмай тек диалектілерінде сақталғаны назар аудартады:

Түрік тілінің диалектілерінде *deyin/teyin* «тиін».

Сібір түркі тілдерінде:

Алтай т. *тийиң* «тиін»; шор т. *тииң* «тиін»; хакас т. *тиин* «тиін, тиін терісі» [18: 224]

Якут т. *тиин* «тиін» [19: 383].

Қарлұқ және қыпшақ тілдерінде екі мағынада жұмсалатын *тиын* сөзі фонетикалық вариант құрамай бірдей формада жұмсалатыны назар аудартады. Ал қазақ тілінде екі сөзді шатастырмау үшін тиін деген фонетикалық нұсқасы кейінірек жасалған секілді боп көрінеді. Мұндай құбылыс башқұрт тілінде де бар: *тиин* «тиын»; *тейен* «тиін».

Жоғарыда келтірілген тілдік деректерден бөлек «тиін (аң)» мағынасында түркі тілдерінде өзге де сөздер қолданылады, мысалы:

Қырғыз т. *тыйын чычкан* «тиін» [12: 290]; қарашай-балқар т. *агач қоян* «тиін»; қырым татар т. *сансар* «тиін»; түрік т. *сіңсар* «тиін».

Хакас тілінің сағай диалектінде *пабырған* «белка-летяга» [18: 139] хакас т. *табырған* «белка» [18: 212]; *сахыл* «тиін», *сарбах* «тиін» [18: 182]; алтай т. *бабырған* «белка-летяга»; *чырбык* «тиін»; шор т. *саққыл/шарбақ* «тиін»; *пабырған* «ұшқыш тиін»; оғыз тілдерінде *синжап* «тиін» (парсы тілінен), өзбек т. *олмахон* «тиін», түрікмен т. *дәле* «тиін» [10: 180].

Моңғол т. *керему*; халка т. *хэрэм*, бурят т. *хэрмэн*, қалмақ т. *кермн*, дагай т. *кэрэм* «тиін» [20: 119].

Тиын сөзінің орыс және өзге тілдерге кіруі:

*Тиын* сөзінің түркі тілдерінен орыс тіліне де кіргенін көреміз, мәселен, Ұ. Алжанбаева орыс тілінде *тиын* сөзі біріккен сөздерде сақталғанын алға тартады:

«Қазіргі орыс тілінде тиын сөзі жеке қолданылмаса да басқа сөзбен тіркесіп айтылады. Мысалы, алтын сөзі: «В старину 3 копейки, а также монета в три копейки. Цена пять алтын. Пять медных алтынов». Орыс тілінде бұл сөзді ескі түркізмге жатқызады. Қазіргі орыс лингвистері бұл сөздің төркіні татардың *алтын* «золото», яғни «бағалы металл» деген сөзі дейді. Алайда нумизматтар орыс тілінде бұл сөз пайда болған кезде орыстарда да, Алтын Ордада да алтын ақша болған емес дегенді айтады. Нумизматтардың айтуынша, орыстың *алтын* сөзі еш уақытта алтын ақша болған емес, сол себепті түркінің *алтын*, *алтун* сөзі бұл сөздің негізі бола алмайды. Белгілі орыс тарихшысы В. Татищев бұл сөзге өзінің «Лексикон российский, исторический, географический, политический и гражданский» атты еңбегінде көңілге қонымды этимология ұсынады. Ол *алтын* сөзінің төркіні түркінің *алты* саны, өйткені алтында алты ақша бірлігі бар дейді, бірақ сөздің соңындағы н әрпінің қайдан пайда болғаны түсіндірілмейді. Мұндай түсіндірме тек жүз жыл өткен соң Я. Гроттың редакциясымен 1891 жылы шыққан академиялық сөздікте берілді. Онда алтын түркі-татардың *алты тиын* «шесть белок» деген сөзінің өзгерген түрі делінеді. Тиын сөзінің қысқарып «тын» түрінде кездесетіндігі орыстың *нибиртынки* «ни копейки», *унтынка* «десять копеек» сөздерінен көрінеді» [21: 52].

*Тиын* сөзі өзбек тілінен тәжік тіліне кірген, мысалы: *тин/як тин* «тиын, ұсақ тиын».

Осетин тілінде *тин* «тиын тері, тиын терісінен тон» [8: 181].

#### Қорытынды

Сонымен, көне түркі ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінің көбінде «тиін, бұлғын; тері, тон пішуге арналған бағалы тері» мағынасындағы *тиын* сөзі тек қыпшақ (қарашай, құмық, қарайым, ноғайшада ғана жоқ) және қарлұқ тілдерінде «тиын, ұсақ ақша, бақыр» мағыналарына ауысқан. Ол ауысу да тиын терісінің өте ерте кезеңдерден «сауда құралы, ақша орнына жұмсалған бағалы тері, көшпенділердің құнды заты» ретінде қолдануымен байланысты.

Хакас тіліндегі деректер негізінде *тиін терісінің* «ақша орнына қолданылған салық» ретінде жұмсалғанын көреміз: *нага/нагаг* «елу тиін терісі шамасындағы салық».

Алтай тіліндегі төменгі жолдардан да тиіннің салық құралы ретінде қолданылғаны байқалады:

*Алтай калыктан жуулган кара калан – киш, камду, тийинг – ончозы кааннынг ос бойынын казназына баратан* (С. Суразаков) «Алтай халқынан жиналған қара салық яғни бұлғын, кәмшат, тиін (терілері), осының бәрі ханның жеке қазынасына жіберілетін».

Сонда түркі халықтарында *тиын* деген сөз *тиін аңының* атымен бірдей болуының басқа себебі ерте кезде бұл халықтар алым-салықты тиіннің терісімен төлегендігімен де байланысты [1: 186].

Жануар терісінің ақша мәніне ауысуы өзге тілдер тобында да байқалады, мәселен, ежелгі орыс тілінде ақша атауларының кейбірі жануар атауымен байланысты екендігі байқалған:

*Куница* «зверек» др.-русск. *куна* «денежная единица» первоначально означало «куний мех, стоящий один дирхем», затем *куны* (мн.ч.) «деньги»: укр., белор. *куна*, болгар. *куница*, серб, хорв. *куна* «куница, мех куницы», польск. *куна* «куница; определенная форма платы»; хорват *куна* «Хорватияның ұлттық валютасы» [22: 417].

Манжұр тілдерінде де «тиін» мағынасындағы *лейн* сөзі «тиын» мағынасына да ие, сол сияқты остяк (ханты т.) тілдеріндегі *таңге* сөзі екі мәнде жұмсалады. Черемис, пермяк, зыряндаларда *ур* сөзі «тиін» және «тиын» деген семаны білдіреді.

Тиын сөзінің мағыналарына қатысты деректер едәуір көп кездескенімен этимологиясына қатысты деректер өте аз. Фин ғалымы *Рәсәнен*, оның манжұр, тұңғыс тілдерінен келген деп анықтайды. Ал «Этимологический словарь тюркских языков» деп аталатын көп томдықтың авторлары мұның фонетикалық дәлелдері жоқ екенін алға тартып, «тиынның» «тиін» деген мағынаға ие болуы тиын терісінің саудада пайдалануына байланысты деп тұжырымдайды [8: 181].

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Ысқақов А. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі / А. Ысқақов, Р. Сыздықова, Ш. Сарыбаев. — Алматы: Ғылым, 1966. — 240 б.
- 2 Қалиев Ф. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі / Ф. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев. — Алматы: Арыс, 2005. — 824 б.
- 3 Кейкін Ж. Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі / Ж. Кейкін. — Алматы: Өлке, 2002. — 448 бет.
- 4 Бабалар сөзі: [Жүз томдық]. 66-том / Томды құраст.: Т. Әлбеков. — Астана: Фолиант, 2010. — 350 б.
- 5 Tekin T. Orhun Yazıtları / T. Tekin. — Ankara: Dil Kurumu Yayınları, 1998. — 200 s.
- 6 Clauson G. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish / G. Clauson. — London: Oxford University Press, 1972. — 1034 p.
- 7 Aydın E. Bilge Kagan Yazıtı'nda Geçen kök teyey Hayvan Adı Üzerine: Büyük Türk Dili Kurultayı Bildirileri / E. Aydın. — Ankara, Bilkent Üniversitesi Bilim-Sanat-Teknik, 2006, — 347–356.
- 8 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: [В 7-и т.]. — Т. 3. / Э.В. Севортян. — М.: Наука, 1980. — 395 с.
- 9 Atalay B. Divanü Lügat-it Türk Tercümesi IV — İndeks / B. Atalay. — Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 1999. — 2234 s.
- 10 Курышжанов А. Исследование по лексике старокыпчакского памятника XIII века — «Тюркско-арабского словаря» / А. Курышжанов. — Алматы: Наука, 1970. — 234 с.
- 11 Eren H. Türk Dilinin Etimolojik Sözlüğü / H. Eren. — Ankara: Bizim Büro Basımevi, 1999. — 512 s.
- 12 Юдахин К. Киргизско-русский словарь. — Т. I–II / К. Юдахин. — Фрунзе: Гл. ред. Киргиз. Сов. энцикл., 1985. — 504 с.
- 13 Татарско-русский словарь. — М.: Сов. энцикл., 1966. — 864 с.
- 14 Башқорт теленен һүзлеге. I–II т. — М.: Рус. яз., 1993. — 865 с.
- 15 Каракалпакско-русский словарь. — М.: Гос. изд-во, 1958. — 893 с.
- 16 Узбекско-русский словарь. — Ташкент: Фан, 1941. — 737 с.
- 17 Караимско-русско-польский словарь. — М.: Рус. яз., 1974. — 689 с.
- 18 Хакасско-русский словарь. — М.: Гос. изд-во, 1953. — 361 с.
- 19 Якутско-русский словарь. — М.: Сов. энцикл., 1972. — 571 с.
- 20 Санжеев Г.Д. Этимологический словарь монгольских языков: [В 3-х т.] Т. 1. / Г.Д. Санжеев, М.Н. Орловская, З.В. Шевернина. — М.: Ин-т востоковедения РАН, 2015–2018. — 224 с.
- 21 Алжанбаева Ұ. Славян тілдеріндегі түркізмдердің зерттелу тарихы / Ұ. Алжанбаева // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. — 2011. — № 4 (57). — Б. 51–53.
- 22 Фасмер М. Этимологический словарь русского языка: [В 4-х т.] (пер. с нем. и доп. О.Н. Трубачёва) / М. Фасмер. — М.: Прогресс, 1986–1987. — 576 с.

М.Е. Адиллов

**Происхождение слова «тиын» в казахском языке**

В статье проанализирована краткая история слова «тиын» (белка), перешедшего в значение «копейка» (в форме «тиын») в казахском и некоторых тюркских языках, в частности, в киргизском, каракалпакском, татарском, башкирском, уйгурском и узбекском языках. Указаны значение и формы слова «тиын» в тюркских письменных памятниках, начиная с древнетюркского письменного наследия и заканчивая современными тюркскими языками. Кроме того, были затронуты и другие синонимичные названия в тюркском и монгольском языках, используемые в значении «белка». Кроме того, слова в значении «белка» приведены в примерах из других групп, т.е. в словах неродственных языков. Относительно происхождения слова «тиын» отражены мнения казахских и зарубежных ученых и сделаны краткие выводы. Изучая определения ученых, на основе данных в тюркских языках, обоснованы происхождение и основное значение слова «тиын».

*Ключевые слова:* казахский язык, тюркские памятники, современные тюркские языки, тиын, тиін, значение слов.

М.Е. Adilov

**Etymology of the word “Tiyın” in the Kazakh language**

This article analyzes the brief history of the word “tiyn”, which passed into the meaning of “coin” in the Kazakh and some Turkic languages, particularly in Kirgыз, Karakalpak, Tatar, Bashkir, Uighur, and Uzbek languages. The paper indicates the meaning and forms of the word “tiyn” in the Turkic written monuments,

starting with the ancient Turkic written heritage and finishing with modern Turkic languages. In addition, other synonymous words in the Turkic and Mongolian languages used in the meaning of “squirrel” have also highlighted. In connection with the transition of the word in the meaning of “squirrel” to the meaning of “coin”, examples from other groups of languages have been provided. By considering perspectives of Kazakh and foreign scientists and examining the data in the Turkic languages, the origin and main meaning of the word “tiyn” were determined.

*Keywords:* Kazakh language, Turkic monuments, modern Turkic languages, tiyn, tiin.

## References

- 1 Yskakov, A., Syzdikova, R., & Sarybayev, Sh. (1966). Qazaq tilinin qysqasha etimologialyq sozdigi [Brief Etymological Dictionary of the Kazakh language]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 2 Qaliyev, G., Naqysbekov, O., & Sarybayev, Sh. (2005). Qazaq tilinin aimaqtyq sozdigi [Dialectological dictionary of the Kazakh language]. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 3 Keikin, Zh. (2002). Qazaqtyn 7777 maqaly men mateli [7777 Kazakh proverbs]. Almaty: Olke [in Kazakh].
- 4 Albekov, T. (Ed.) (2010). Babalar sozi [Zhuz tomdyq]: 66-tom [Word of ancestor]'. [One hundred volumes. Vol. 66]. Astana: Foliant [in Kazakh].
- 5 Tekin, T. (1998). Orhun Yazıtları [Orhun Inscriptions]. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları [in Turkish].
- 6 Clauson, G. (1972). An Etymological Dictionary of Pre-Thirteen-Century Turkish. London: Oxford University Press.
- 7 Aidyn, E. (2006). Bilge Kagan Yazıtı'nda Geçen kök teyey Hayvan Adı Üzerine [On the Animal Name of the “Teyen” Mentioned in the Bilge Kagan Inscription]. Ankara: Bilkent Üniversitesi [in Turkish].
- 8 Sevortiyani, E. (1980). Yetimologicheskii slovar tiurkskikh yazykov [Etymological Dictionary of the Turkic languages]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 9 Atalai, B. (1999). Divanu Lugat-it Turk Terzhumesi IV — İndeks [Divanu Lugat-it Turk Translated]. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları [in Turkish].
- 10 Kuryshzhanov, A. (1970). Issledovanie po leksike starokypchakskogo pamiatnika XIII veka — «Tiurksko-arabskogo slovaria» [Research on the vocabulary of the Old Kypchak monument of the XIII century of the Turkic-Arabic Dictionary]. Almaty: Nauka [in Russian].
- 11 Eren, H. (1999). Türk Dilinin Etimolojik Sözlüğü [Etymological Dictionary of the Turkish Language]. Ankara: Bizim Büro Basımevi [in Turkish].
- 12 Yudakhin, K. (1985). Kirgizsko-russki slovar [Kyrgyz-Russian Dictionary]. Frunze: Glavnaia redaksiia Kirgizskoi Sovetskoi entsiklopedii [in Russian].
- 13 Tatarsko-russkii slovar [Tatar-Russian dictionary] (1966). Moscow: Sovetskaia entsiklopediia [in Russian].
- 14 Bashkort telenen hyzlege [Bashkir dictionary] (1993). Moscow: Russkii yazyk [in Bashkir].
- 15 Karakalpaksko-russkii slovar [Karakalpak-Russian dictionary] (1958). Moscow: Gosudarstvennoe izdatelstvo [in Russian].
- 16 Uzbeksko-russkii slovar [Uzbek-Russian dictionary] (1941). Tashkent: Fan [in Russian].
- 17 Karaimsko-russko-polskii slovar [Karaim-Russian-Polish dictionary] (1974). Moscow: Russkii yazyk [in Russian].
- 18 Hakassko-russkii slovar [Khakas-Russian dictionary] (1953). Moscow: Gosudarstvennoe izdatelstvo [in Russian].
- 19 Yakutsko-russkii slovar [Yakut-Russian dictionary] (1972). Moscow: Sovetskaia entsiklopediia [in Russian].
- 20 Sanzheev, G.D., Orlovskaiia, M.N., & Shevermina, Z.B. (2015). Yetimologicheskii slovar mongolskikh yazykov [Etymological Dictionary of Mongolian languages]. Moscow: Institut vostokovedeniia RAN [in Russian].
- 21 Alzhanbaieva, U. (2011). Slavian tilderindegi turkizmderdin zertelu tarikhly [History of the study of turkisms in Slavic languages]. *Qazaq ultyq universitetinin khabarshysy. Shygystanu seriasy — Bulletin of the Kazakh National University. Oriental Studies Series, 4 (57), 51–53* [in Kazakh].
- 22 Fasmer, M. (1986). Yetimologicheskii slovar russkogo yazyka [Etymological Dictionary of the Russian language]. Moscow: Progress [in Russian].